

ЕЛДІГІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫ, БІРЛІГІМІЗДІҢ ДІҢГЕГІ

Аудан әкімі Маманбаев Ғалымжан Қанатұлының Конституция күнімен құттықтауы

Құрметті қауым, қадірменді жерлестер! 30-тамызда егемен еліміз ең басты мерейлі мерекелерінің бірі - Қазақстан Республикасы Конституциясы күнін атап өтеді. Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен, сондай-ақ Ата Заңымыздың қабылданғанына 30 жыл толуымен құттықтаймын!

1995 жылы қабылданған Конституция – еліміздің тәуелсіздігін, тұтастығын, қоғамдағы тұрақтылық пен заң үстемдігін қамтамасыз еткен тарихи құжат. Ол – әрбір қазақстандықтың құқығы мен еркіндігін қорғайтын, елдің даму бағытын айқындайтын басты заңымыз.

Отыз жыл ішінде Конституциямыз еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өркендеуінің берік іргетасына айналды. Бұл мерейлі дата – мемлекетіміздің қалыптасу жолындағы үлкен жетістік пен тарихи кезеңнің белгісі.

Конституцияның қабылдануы тәуелсіз Қазақстан үшін сөз жоқ аса маңызды әрі жарқын оқиға. Қазіргі алмағайып замандағы тұрақтылығымыздың негізінде ұлттар татулығы жатқандығы сөзсіз. Ал осынау татулыққа, береке мен бірлікке осыдан 30 жыл бұрын қабылданған Ата заңның негізінде жеттік. Сол себепті Конституциямыз кемел келешегіміздің кепілі.

Осы айтулы мерекеде баршаңызға зор денсаулық, амандық, еңбектеріңізге табыс пен отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз! Егемен еліміздің болашағы жарқын, бірлігіміз бекем болсын! Конституция күні құтты болсын!



SA R Q A N

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №34 (95139) 29 тамыз 2025 ж.



Қазақстан Президенті мен Иордания Королі кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді

Қасым-Жомарт Тоқаев пен II Абдалла бен әл-Хусейн келіссөзді екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен жалғастырды.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Иорданиямен өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ерекше мән беретінін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан мен Иорданияны саяси және экономикалық тұрғыдағы ортақ мүдде ғана емес, дін, толеранттылық дәстүрі және өзара құрмет секілді ғасырлар бойғы құндылықтар біріктіреді. Екі ел әлемге сан алуан мәдениет пен конфессиядағы халықтардың тату-тәтті өмір сүріп, адамзат дамуына үлес қоса алатынын көрсетті.

Король II Абдалла қос мемлекеттің достығын жоғары бағалайтынын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Аммандағы кездесу барысында тараптар тауар айналымын 500 миллион долларға дейін ұлғайтуға уағдаласқанын еске салды. Қазақстан Иордания нарығына жалпы құны 250 миллион доллар болатын 60 өнім түрін экспорттауға дайын. Президент «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясы мен Иордания уран өндіруші компаниясының (JUMCO) атом өнеркәсібін дамыту саласындағы ынтымақтастығына қолдау білдірді.

Президент Иордания делегациясына еліміздің халықаралық көлік-логистика желісін кеңейту бастамалары туралы мәлімет беріп, Орталық Азия мен Таяу Шығыс арасында интермодальді жүк тасымалын бірлесе өркендету мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынды. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы, туризм, цифрландыру салаларындағы ықпалдастықтың әлеуеті зор.

Өз кезегінде Иордания тарапы медицина, фармацевтика, халал индустриясы және қорғаныс өнеркәсібі бағытындағы тәжірибесімен бөлісуге ниетті. Сонымен қатар Royal Jordanian әуе компаниясы келесі жылы Амман мен Алматы арасында тікелей әуе рейсін ашуды жоспарлап отырғанын жеткізді. Бұл қадам екі елдің азаматтары мен іскерлік ортасының байланыстарын жандандырады.

Бұдан бөлек, тараптар мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтуге, соның ішінде бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізіп, университеттер арасында серіктестік орнатуға қызығушылық танытты.

В Правительстве рассмотрели ход реализации Послания Президента в сфере энергетики и подготовку к отопительному сезону

На заседании Правительства под председательством Премьер-министра Олжаса Бектенова рассмотрен ход подготовки к предстоящему отопительному сезону.

С докладом о готовности энергоисточников, тепловых сетей и об обеспечении углем выступил министр энергетики Ерлан Аккенженов, о подготовке объектов социальной сферы, жилого фонда и инженерной инфраструктуры доложил министр промышленности и строительства Ерсайын Нагаспаев. Заслушаны акимы ряда регионов.

По данным Министерства промышленности и строительства, к отопительному сезону в настоящее время подготовлено 92% объектов образования, 91% объектов здравоохранения, 83% жилых домов. В то же время отремонтировано 610 км сетей водоснабжения и 101 км водоотведения, а также 11,2 тыс. автономных котельных.

Премьер-министр акцентировал внимание на необходимости системной подготовки к зимнему периоду.

В ходе заседания внимание уделено ходу подготовки к отопительному сезону в регионах. Заслушаны доклады акимов ряда областей страны, где отмечаются риски несвоевременного завершения ремонтных работ. Например, в Акмолинской области на Степногорской ТЭЦ не завершён ремонт резервного котла, в Карагандинской области на ГРЭС Топар возможен срыв сроков работ, в Мангистауской области на ТЭЦ-2 отложена модернизация двух турбин. В Актау при этом сохраняются низкие темпы реконструкции тепловых сетей.

Премьер-министр подчеркнул, что данная ситуация говорит о слабом планировании и отсутствии жесткого контроля со стороны акимов. При этом в некоторых областях отмечается недостаточная работа Региональных штабов по подготовке к зиме.

Также отмечены факты выдачи разрешений компанией KEGOC на продление сроков ремонтов на энергоисточниках вопреки поручению Премьер-министра, озвученному в мае текущего года, по исключению подобной практики. Министерству энергетики дано поручение принимать жесткие меры по каждому факту нарушения сроков или их переноса без оснований.

Кроме того, поставлен ряд задач перед акимами регионов по оценке готовности энергопредприятий к зимнему периоду.

Премьер-министр дал ряд поручений. Министерству энергетики совместно с акиматами регионов – обеспечить своевременное завершение ремонтных работ на теплоисточниках и теплосетях. Поставлена задача до 1 сентября текущего года утвердить график поставки социального мазута в регионы. Министерству энергетики совместно с КТЖ и акиматам регионов необходимо принять меры по своевременной поставке угля и мазута на энергообъекты согласно утвержденному графику и объемам, также установить контроль за обеспечением углем населения. Министерству промышленности и строительства, акиматам регионов поручено до 1 сентября обеспечить полную готовность объектов образования, до 15 октября – объектов здравоохранения, жилищно-коммунального хозяйства и жилого фонда. Министерством просвещения, науки и высшего образования, здравоохранения дано поручение также взять этот вопрос на контроль.



Завершена подготовка объектов образования и здравоохранения к отопительному сезону

В области Жетісу к предстоящему отопительному сезону полностью подготовлены объекты образования и здравоохранения, а уровень подготовки многоэтажных жилых домов составляет 96%, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

По данным областного управления энергетики и жилищно-коммунального хозяйства, в рамках подготовки к отопительному сезону в регионе проводится ремонт объектов теплоснабжения, инженерных сетей и закуп топлива.

«Завершаются работы по ремонту 2 турбин, 35 котлов, 79,5 км водопроводных, 12,8 км тепловых, 1,1 тыс. км электрических сетей и 208 трансформаторных подстанций. Теплоснабжающими предприятиями ведется заготовка 293 тыс. тонн угля и 6,4 тыс. тонн мазута. На данном этапе закуп необходимого объема угля завершен на 100%, отгружено 81,9 тыс. тонн, в наличии имеется 50,6 тыс. тон. Также ведется поставка топлива для бюджетных организаций в объеме 15,1 тыс. тонн угля и 10,6 млн. литров жидкого топлива. В целом потребность угля для населения региона составляет 397 тыс. тонн. В среднем в сутки в регион поступает 13 вагонов или 897 тонн угля», - сообщает в управлении.

Кроме того, в регионе реализуются крупные проекты в сфере теплоснабжения. Один из них – проект по строительству на базе котельной «Баскуат» парогазовой станции электрической мощностью 84 МВт и тепловой мощностью 70 Гкал/ч, направленный на восполнение тепловой и электрической энергии в Талдыкоргане. Проект реализуется в III этапа, два из которых будут завершены в декабре текущего года. Полная реализация данного проекта позволит дополнительно снизить нагрузку на котельную «Баскуат» на 30%.

Также в рамках общего плана расширения Текелийской ТЭЦ-2 запланировано 3-х этапное введение на территории ТЭЦ парогазовой установки с общей установленной электрической мощностью 53 МВт и тепловой мощностью 48 Гкал/час. В результате реализации данного проекта будет решена проблема модернизации данной ТЭЦ, и появятся дополнительные тепловые мощности для подключения новых объектов.

Что касается газификации, то из 126 населенных пунктов от Кербулакского района до Талдыкоргана, включая Панфиловский район, на сегодня газифицировано 84 населения пункта охват – 58,2%. До конца 2025 года планируется полная газификация, уровень достигнет 71,4% или 500 тыс. человек. Также завершается строительство газопровода «Талдыкорган – Ушарал». В результате реализации данных проектов будут газифицированы все 192 населенных пункта, доступ к газу получат свыше 624 тыс. жителей или 92% всего населения.

Пресс-служба акима области Жетісу.

Шекаралық аудандағы 4 ауылда жаңа медициналық нысандар ашылды

Конституция күніне орай Жетісу облысының шекаралық Панфилов ауданындағы 4 ауылда жаңа медициналық нысандар пайдалануға берілді. Сөйтіп ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық қызмет сапасы айтарлықтай жақсарды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Жаңа медициналық нысандар Көктал-Арасан, Сарпылдақ, Дарбазақұм және Қорғас ауылдарында ашылды. Бұл ауылдарда жалпы саны 2 260 адам тұрады. Атап айтқанда, Көктал-Арасан, Сарпылдақ және Дарбазақұм ауылдарында 3 блокты-модульді медициналық пункт ашылса, Қорғас ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт пайдалануға берілді. Нысан тиісті диагностикалық және емдеу жабдықтарымен қамтылып, сапалы медициналық қызмет көрсетуге қажетті жағдай жасалған. Оған қоса осы күздің басында ауданның тағы бір шалғайдағы елді мекені – Сарытөбе ауылында жаңа ФАП ашу жоспарланып отыр.

– Көп жылдан бері біз ауыл тұрғындарына ескі, шағын медициналық пунктте қызмет көрсетіп келдік. Ғимарат әлдеқашан тозған. Енді заманауи медициналық мекемеміз ЭКГ, КТГ аппараттары мен спирография жүргізуге арналған жаңа жабдықтармен қамтамасыз етіліп, соның арқасында көрсететін қызмет түрлері де кеңейді. Мұндай құрылғылар диагнозды дәл қоюға мүмкіндік береді, яғни бұл емдеудің тиімділігін арттырады деген сөз. Сондай-ақ бізде зертхана, процедуралық және егу бөлмелері, гинекология және физиотерапия кабинеттері бар. Бұл кабинеттерде акушер мен медбике жұмыс істейді. Бұдан бөлек, аптасына екі рет бізде Атамекен ауылындағы дәрігерлік амбулаториядан келген учаскелік дәрігер науқастарды қабылдайды, – деді жаңа медициналық мекеменің фельдшері Әлім Құткелдиев.

Атап өтсек, халық тығыз орналасқандықтан, соңғы жылдары Жаркент өңірінің барлық дерлік елді мекендерінде заманауи медициналық мекемелер салынып, пайдалануға берілуде. Мәселен, өткен жылы Ақкент және Ақарал ауылдарында блокты-модульді медициналық пункттер іске қосылса, қазіргі кезде Нәдек ауылында дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүріп жатыр. Жалпы, жыл басынан Панфилов ауданының 11 ауылында медициналық нысандар пайдалануға берілді.

Еске салсақ, Жетісу облысы құрылғаннан бергі үш жыл ішінде өңірде денсаулық сақтау саласында 162 жоба жүзеге асырылды. Олардың 75-і - жаңа нысанның құрылысы, 74-і - блокты-модульді медициналық пункт, 13-і - күрделі жөндеу. Осы жобалардың 75-і биыл толық аяқталады деп жоспарлануда. Соның нәтижесінде облыстағы денсаулық сақтау нысандарының жаңартылу деңгейі 63,8 %-ға жетеді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Маман» тұрғын үй бағдарламасы



Жетісу облысы әкімдігінің қолдауымен «Отбасы банк» АҚ филиалы «Маман» бағдарламасы басталды. Жаңа бастама өңірдің әлеуметтік және экономикалық өмірінің негізгі салаларында еңбек ететін мамандарды қолдауға бағытталған.

Өтінімдерді қабылдау 2025 жылдың 25 тамызынан басталды, 5 қыркүйекке дейін жалғасады. «Маман» бағдарламасы бойынша несие беру шарттары: Қарыз сомасы - 20 млн теңгеге дейін; Бастапқы жарна - 10% бастап; Сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 5%. Сатып алуға арналған нысандар – бірінші нарықтағы тұрғын үй, соның ішінде ҚТҚ (Қазақстан тұрғын үй компаниясы) кепілдігі болған жағдайда үлестік қатысу, одан кейін екінші нарықтағы тұрғын үй, жер телімі бар жеке үйлер.

Кім қатыса алады? Бағдарлама Жетісу облысында кемінде бір жыл жұмыс істейтін және соңғы үш жылда аталмыш аймақта тіркеуі бар мамандар: журналистер мен БАҚ қызметкерлері, мұғалімдер мен тәрбиешілер, дәрігерлер мен медицина қызметкерлері, мәдениет қайраткерлері және шығармашылық одақтардың мүшелері, спортшылар мен жаттықтырушылар, энергетика саласының мамандары, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының қызметкерлері, туризм саласының қызметкерлері және саяси партия филиалдары аппараттарының қызметкерлері.

Талаптары: жас мөлшері - 63 жасты қоса алған жасқа дейін; соңғы 5 жыл ішінде өтініш беруші мен отбасы мүшелерінде жылжымайтын мүліктің болмауы; Жетісу облысында соңғы үш жылда тұрақты тіркеуі бар. бағдарламаға ерлі-зайыптылардың біреуі ғана қатыса алады.

Іріктеу жүйесі қалай іске асырылады? Өтінімдер қалалық және аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдерінде қабылданады. Қатысушылар тізімін әкімдік жанындағы тұрғын үй комиссиясы қалыптастырып, бағалайды. Бағалау кезінде жасы, еңбек өтілі, отбасылық жағдайы, көмелетке толмаған балаларының болуы, тұрғын үй кезегінде тұруы, үлескерлік мәртебесі, банкпен қатынасы және облыстағы тіркеу мерзімі ескеріледі.

Өтінімді қалай беру керек? Қатысу құжаттар топтамасымен жергілікті тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына жүгіну қажет: әкімдіктен жолдама, жеке төлқұжат, неке қию куәлігі және балалардың туу туралы куәліктері, табыс туралы және жылжымайтын мүліктің жоқтығы жөнінде анықтама.

"Отбасы банк" АҚ ресми банкі.

Профилактикалық жоба басталды

Жетісу облысында ауыл халқы үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында «Ашық есік күні» профилактикалық жобасы басталды. Бұл әлеуметтік акция аясында облыстың салалық дәрігерлері аудандық орталықтарда тегін қабылдау жүргізіп, кеңес береді, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.


Әлеуметтік акция шеңберінде облыстың жетекші медициналық ұйымдарынан ЛОР, уролог, проктолог, акушер-гинеколог, балалар хирургі, невропатолог, нейрохирург, педиатр, травматолог және онколог мамандар келіп, қабылдау жүргізуде. Әлеуметтік жоба алдымен Кербұлақ ауданынан басталды. Сарыөзек ауылындағы аудандық емханада дәрігерлер бір күнде 178 науқасты, соның ішінде 28 баланы қабылдады. 17 адам қосымша тексеріске жіберілсе, тағы 25 адам облыстық ауруханаға стационарлық емге жолдама алды.

Аудан тұрғындарының айтуынша, мұндай шаралар ауыл халқы үшін өте пайдалы әрі ыңғайлы.

Өз кезегінде медицина мамандары мұндай профилактикалық акциялардың уақтылы диагностика жасауға, одан әрі сапалы ем алуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Ашық есік күні» жобасы желтоқсан айының басына дейін облыстың барлық аудандарында өтеді, бұл шара сапалы медицинаға қолжетімділікті арттыруға бағытталған. Ал келесі баратын бағыт – Текелі қаласы.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



«Жаркент мешіті» мұражайының маңайы абаттандырылды

«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында Жетісу облысындағы Панфилов ауданында «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер мұражайының маңайы абаттандырылды. Сонымен қатар туристік нысан айналасындағы көшелерді жаңғырту жұмыстары да жүргізілуде, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аудан әкімдігінің мәліметінше, Жаркент қаласында абаттандыру бағытында 3 жоба іске асырылып жатыр.

– Біз ең алдымен «Жаркент мешіті» туристік нысанының маңын көркейттік. Бұл - Юлдашев көшесінің Масанчи және Гапаров көшелері аралығындағы бөлігі. Онда брусчатка төселді, орындықтар, қоқыс жәшіктері орнатылды, жарықтандыру жүргізілді, 30-ға жуық ағаш, гүлзар мен көгал егілді. Осындай абаттандыру жұмыстары Головацкий көшесінің Жібек жолы-Масанчи аралығындағы бөлігінде де басталды. Бұған дейін 2023 жылы қоғамдық тыңдалым кезінде тұрғындар «Арбат» типіндегі серуен алаңын жасау туралы ұсыныс айтқан болатын. Соған сәйкес қаланың Бас жоспарына өзгерістер енгізіп, жоспар әзірледік. Қазір «Арбаттың» құрылысы басталды. Шатырлар, орындықтар орнатылып, шағын архитектуралық формалар қойылып, көпшілік серуендейтін әдемі демалыс орнына айналады, - деді Панфилов ауданы әкімінің орынбасары Дидар Ешенов.

Оның айтуынша, Жібек жолы даңғылының шығыс бөлігі де абаттандырылады. Аталған үш жоба аясында 500-дей ағаш егіліп, автоматты суару желісі орнатылады. Көшелердің жалпы көлемі 20,7 мың шаршы метр болатын учаскесі абаттандырылады.

Жаркент қаласының тұрғындары мұндай бастамалардың қолға алғанын қуана қолдайтынын білдірді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ДІН МЕН ДӘСТҮР - ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМ КЕПІЛІ

"Дін мен дәстүр – зайырлы қоғам кепілі" деген тұжырым – қазақ қоғамындағы діннің, салт-дәстүрдің және зайырлылық қағидаттарының өзара үйлесімді өмір сүруін білдіретін маңызды идея.

Тамырлы тарихы, өнегелі өткені бар Қазақстан — көпұлтты, көпконфессиялы мемлекет. Конституцияға сәйкес, еліміз зайырлы мемлекет болып саналады. Бұл — дін мемлекеттен бөлінген, яғни ешқандай дін мемлекетке үстемдік етпейді деген сөз. Бірақ бұл дінді жоққа шығару емес. Керісінше, әр адамға ар-ождан, діни сенім бостандығы берілген.

Дәл осы тұста дәстүр мен дін қоғамда үлкен рөл атқарады. Ал осы екеуінің үйлесімі — елдегі тұрақтылық пен мәдени бірегейліктің негізі. Сондықтан "Дін мен дәстүр — зайырлы қоғам кепілі" деуге толық негіз бар. Осы тұста зайырлы қоғам ұғымы дегенді тарқатсақ. Зайырлылық — мемлекеттің дін істеріне араласпауы, ал діннің — мемлекеттік саясатқа әсер етпеуі. Бірақ дінге тыйым салынбайды, керісінше, оның бостандығы қамтамасыз етіледі. Қазақстанда 18 конфессия, 3000-нан аса діни бірлестік бар — бұл зайырлы қоғамдағы діни татулықтың көрсеткіші деуге толық негіз береді. Ал дін — адамды имандылыққа, тәртіпке, әділетке, адамгершілікке тәрбиелейді. Қай заман, қай қоғам болмасын солай. Ислам діні — қазақ халқының дәстүрлі діні ретінде ұлт руханиятының ажырамас бөлігі.

Осы тұста ұлттық дәстүріміз мен діннің үйлесімі туралы тарқатсақ. Қазақ дәстүрлері ислам дінімен үйлеседі. Мысалы үлкенді сыйлау, қайырымдылық, құдайы тамақ, жеті ата т.б. Дәстүр — халықтың рухани коды. Дін — оны толықтыратын құндылық. Дін мен дәстүрді бөлектеу қоғамда түсінбеушілік пен алауыздыққа әкеледі. Оны соңғы жылдары бастан өткіздік, нақты мысалдар да жетерлік. Дін мен дәстүр — тұрақтылықтың негізі. Ал тұрақтылық бар жерде даму, өсіп-өркендеу бар.

Зайырлы қоғамда дін мен дәстүрдің өз орны бар — бірі екіншісін жоққа шығармайды. Қорыта айтқанда, дін мен дәстүр — бірін-бірі толықтырып, қоғамның рухани іргетасын бекемдейтін қос тірек, тұғыр іспеттес. Ал зайырлылық осы екі құндылықтың бейбіт әрі үйлесімді өмір сүруіне жағдай жасайды. Сондықтан біз дінімізді де, дәстүрімізді де құрметтей отырып, зайырлы қоғамның талаптарын сақтап өмір сүруіміз керек.

Партия ЖЕҢІСХАН.

●**Заң және тәртіп**

29 азаматтың бұзылған құқықтары қалпына келтірілгі

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің негізгі басты бағыттарының бірі көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және де халыққа сапалы қызмет көрсетуді бақылау болып табылады. Департаментпен, 2025 жылдың 24 шілде – 20 тамыз аралығында, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласының білім бөліміне» жоспарлы тексеру жұмыстарын жүргізіліп, қызмет беруші тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қызметтің тәртібін бұзу, яғни қызмет алушылардың өтініштерін уақытылы тіркелмеу түріндегі 29 факті анықталды. Нәтижесінде, Департаментпен заңдылықтын бұзылуына әкеп соққан себептерді және оның салдарын жою туралы тиісті ұсыным хат жолданып, оны қарау қортындысы бойынша 29 қызмет алушылардың өтініштерін тіркеу арқылы құқықтары қалпына келтірілді.

Қ. МАНАП,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Жетісу облысы бойынша Департаментінің басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

●**101 ескертеді**

Өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар!

Өрт шығу орындарын талдап-зерттеу нәтижесі аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлерінің қолданып жатқан шараларына қарамастан тұрғын үйлер екенін көрсетіп отыр.

Яғни, азаматтардың үйлерінде өрт басқа орындарға қарағанда жиі орын алады. Оның себептері де әр түрлі. Оның ішінде басты 4-себептерді айтуға болады. Олар отты абайсыз қолдану, пештің ақаулығы, электір желілері мен құралдарын пайдалануда өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамау, сонымен бірге балаларды қараусыз қалдыру болып табылады. Ең бастысы, үйде бірден-бір от жағылып, қыс бойы пайдаланылатын пеш ақаулы болса, онда ол өрттің баспанада орын алуына бірден-бір себепші. Сондықтан да үйдегі пешке аса үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Пеш жаздың күні міндетті түрде жөндеуден өткізілуі керек. Мұржалары жылына кем дегенде 2 рет тазартылып, сыланып, әктелуі тиіс. Пештің ауыздығының алдына 50-70 см. темір міндетті түрде төселіуі қажет. Пештің үстіне ағашты, қағазды және басқа да заттар мен бұйымдарды қоюға болмайды. Балаларға пешті қарауға және жағуға тыйым салынады.

Сонымен қатар өрт оқиғаларының басты себепшілердің бірі ол газ баллондарды пайдаланудағы өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамау болып отыр. Газ баллоны өртке қауіптілігімен бірге үйде жарылысқа себепші болып, үлкен апатқа да соқтыруы мүмкін. Газ баллоны газ плитасына дұрыс орнатылуы қажет. Газ баллоны газдың шығып жатқанын, тек сабын көпіршіктері арқылы болады. Газдың иісін ауадан сезген уақытта сіріңке жағуға, темекі шегуге, басқада электр қондырғыларын іске қосуға болмайды.

Газ шыққанын байқасаңыз, тез арада есік пен терезені ашып бөлмені желдетіліп, баллонды далаға шығырып апаттан құтқару қызметіне хабарласыңыз. Баллонды қыздыруға, егер баллон бұзылған болса оны өзіңіз жөндеуге тыйым салынады.

Құрметті аудан тұрғындары, өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауларыңызды өтінеміз. Өрттен сақ болыңыздар!

РАХМАРОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Дала өрттеріне жол бермейік

Өрт – аса қауіпті тілсіз жау, ол экономикаға үлкен материалдық шығын келтіріп, адамдардың өміріне қауіп төндіреді.

Сарқан ауданының аумағында дала өрті жиілеп тұр. Аудан аумағындағы құрғақ және ыстық ауа райында далалық өлкелерде өрт қаупі пайда болады. Дала өрттеріне жол бермеу үшін далада отты барынша абайлап қолдану керек және бұны басқалардан да талап ету қажет. Өрт қаупі кезеңінде далада от жақпаңыздар, сөндірілмеген темекі тұқылдарын және сіріңкелерді тастамаңыздар.

Дала өрттері пайда болғаны жөніндегі ақпаратты өрт сөндіру қызметіне уақытылы хабарлау қажет. Дала өрттері жануарларға және өсімдіктерге елеулі зиян келтіреді. Дала өрттерін уақытылы сөндіру олардың ерте анықталғандығына және өрт сөндіру қызметіне немесе ауыл әкімдігіне хабарлауына байланысты болады. Сондықтан біз ауданның барлық тұрғындарын далалық өлкелерде өрт тұтануларды байқағанда ауылдық әкімдікке немесе өрт сөндіру қызметіне хабарлауды өтінеміз.

Өрт–аса қатыгез, ол ешкімді аямайды. Ең бастысы, өрттің туындауына жол бермеген жөн.

Т.ТӨЛЕГЕН,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

СІБІР ЖАРАСЫ

Сібір жарасы – бұл өте қауіпті жұқпалы ауру, көбінесе терінің карбункул түрінде зақымдануымен сипатталады, қызба, интоксикациямен бірге жүреді.

Сібір жарасының қоздырғышының ерекшелігі – сыртқы ортада төзімді болып келетін споралар мен капсулалар түзу қабілеті. Тікелей күн сәулесінің әсерінен олар 20 немесе одан да көп күнде өледі. Олар 70 градус температурада бірнеше сағат бойы өміршең болып қалады, қайнатқанда 60 минут бойы жойылмайды. Кептірілген күйінде олар 40 жылдан астам, жекелеген авторлардың мәліметтері бойынша, 200 жылға дейін сақталады.

Ауру жануарды сою орны немесе жануардың өлігі жерленген топырақ учаскелері қоздырғышпен жаппай себіледі. Мұндай учаскелер топырақ ошақтары немесе сібір жарасы бойынша стационарлық қолайсыз пункттер деп аталады. Топырақ ошағының аумағында адамдар мен ауылшаруашылық жануарларының ауруды жұқтыру қаупі бар екенін білу маңызды. Үй жануарлары көбінесе жайылымдарда өсімдік, топырақ және су арқылы жұқтырады. Өсімдіктерді жеген кезде жануарлар топырақтағы спораларды жұтады, нәтижесінде ауруды жұқтырады.

Адам сібір жарасын тек ауру жануарлардан жұқтырады, өйткені науқас адам айналасындағылар үшін қауіпті емес. Сібір жарасының қоздырғышы

адам ағзасына жаралар, терідегі сызаттар, тыныс алу жолдары және жеткіліксіз пісірілген ет арқылы енуі мүмкін. Адамда сібір жарасы терілік немесе септикалық формада көрінеді. Терілік түрінде сібір жарасы микробының ену орнында көпіршіктерге айналатын кішкентай, қатты қышитын қызыл дақ пайда болады. Содан кейін көпіршіктер жарылып, көмір сияқты қара қабық пайда болады. Карбункул деп аталатын терінің бұл аймағы ісінеді, қызарады, жылытыр болады, ұстағанда ауырсыну болмайды. Науқастың дене қызуы көтеріліп, кейде 40-40,5 градусқа жетеді.

Тамаққа ауру жануардың етін пайдаланған, аузына лас қолдарымен микробтар енгізген адамда сібір жарасының септикалық түрі дамуы мүмкін. Ол ішті кесіп жатқандай ауырсынумен, қан аралас құсумен, іштің кебуімен, қанды сұйық нәжістің жиі бөлінуімен көрінеді. Сібір жарасының септикалық түрінде науқастың жағдайы нашарлайды және аурудың 3-5-ші күнінде өлу қаупі бар.

Аурудың алдын алуға бола ма және оны жұқтырмау үшін не істеу керек?

1) жануарларға күтім жасау кезінде, олардан алынған шикізатты өңдеу кезінде қажетті сақтық шараларын сақтау қажет. Ветеринариялық қызметкерлердің рұқсатынсыз өлген мал-

ды союға және терісін алуға болмайды. Ауыл шаруашылығы жануарлары кенеттен өлген немесе ауырған жағдайда ветеринариялық қызметкерлерге хабарлау керек. Ветеринариялық мамандар келгенше ауру жануарларды оқшаулап ұстау шараларын қабылдау қажет.

2) Ветеринариялық санитариялық талаптар бойынша сатылатын малдар толық ілеспе құжаттарымен (ветеринариялық анықтама), арнайы жабдықталған, есептік нөмірі бар мал соятын алаңдарда сойылуға тиіс. Ет және ет өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізілгеннен кейін ғана сатуға болады.

3) Ауру жануарларға күтім жасау кезінде арнайы киім кию керек. Жұмыстан кейін арнайы киім дезинфекциялық ерітіндіге салынады. Қолды ыстық суда сабындап мұқият жуу керек.

Сібір жарасына қарсы профилактикалық егу – маңызды. Егулер жұмысы сібір жарасы қоздырғышын жұқтыру қаупімен байланысты адамдарға және малды сою алдында ұстаумен, союмен, етті төшкелеумен, терісін сыпырумен, жануарлардан алынатын шикізатты дайындаумен, сақтаумен, тасымалдаумен, бастапқы өңдеумен кәсіби айналысатын адамдарға жүргізіледі. Егер ауру жануарларға күтім жасау кезінде

қажетті сақтық шаралары сақталмаса, сібір жарасына қарсы вакцинация аурудан сақтауға кепілдік бермейтінін есте ұстаған жөн. Сібір жарасы ауруының алдын алудың тиімді әдісі ауыл шаруашылығы жануарларын вакцинациялау болып табылады.

Құрметті Сарқан ауданының тұрғындары!

«Сібір жарасы» ауруының алдын алу мақсатында аса қауіпті індеттен барынша сақтану және жаппай таралуына жол бермеу үшін бірқатар маңызды шаттар мен тұрмыстық талаптарды мұқият сақтау қажеттігі ескертіледі! Ет және сүт өнімдерін тұтыну және сатып алу кезінде арнайы ветеринариялық дәрігердің бақылауынан өткен және сатуға рұқсат құжаттары бар, санитарлық талаптар сақталған орындардан сатып алыңыздар! Белгіленбеген орындардан күмәнді ет, сүт өнімдерін сатып алудан, тұтынудан аулақ болыңыздар! Жоғарыдағы талаптар орындалмаған жағдайда ет сатушы ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 22-бабының 5-тармағы, 25-бабының 4-тармағы және ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 406 бабының 1-тармағы 2 тармақшасын бұзды деп танылып, әкімшілік шара қолданылатынын ескертеміз.

А.ҚАЙМОЛДИНА,
ҚР АШМ ВБ ж ҚК Сарқан аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы, мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторы.



Ел іргесі аман болсын!

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды халқымыз үшін маңызы зор мереке – Конституциямыздың 30 жылдығымен құттықтаймын!

1995 жылы бүкілхалықтық референдумда Конституцияның қабылдануы барлық қазақстандықтар үшін ерекше оқиға болды.

Конституция халықтың бірлігін, қоғамдық және рухани келісімін нығайтып, егемендік пен саяси тұрақтылықтың кепіліне айналды.

Ата заңды ардақтау - келешекке керуен тартқан, мемлекетіміздегі әрбір азаматтың асыл парызы.

Қоғамның өркендеуіне қарқын қосып, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Ынтымағы жарасқан Қазақстан халқының қарымды

істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнегеге айналды. Мұның өзі біздің Ата Заңымызда бүкілазаматтық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің барлығы қамтылғанын айғақтайды.

Тәуелсіздік жылдарында құқықтық жүйенің тиімділігі арқасында еліміз әлеуметтік-экономикалық дамуда зор табыстарға қол жеткізіп, әлем мойындаған абыройлы мемлекеттер қатарына қосылды. Ел Конституциясы Қазақстанның табыстылығы мен одан әрі өркендеуінің нышанына айналды.

Баршаңызды Конституция күнімен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін және алда тұрған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, толағай табыстарға жете берулеріңізге тілектеспін!

Ел іргеміз аман, келешегіміз кемел болсын!

М. ҚАСЫМОВ,

Сарқан ауданының прокуроры.

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

Ата Заңымыздың қабылданғанына биыл 30 тамызда 30 жыл толды. 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданған болатын. Конституция дегеніміз - латын тілінен шыққан ұғым: *constitutio*, яғни «құрылым» сөзінен шыққан, «жарғы, бекітемін, мекеме» деген мағынаны білдіреді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде негізгі Заңды құрметтеу және мүлтіксіз сақтау – бұл жоғары азаматтық жауапкершілік пен шынайы патриотизмнің жарқын көрінісі, Конституцияның тұрақты құндылықтарына сүйене отырып, біз баршаға бірдей мүмкіндік беретін мемлекет құратынымызға сенімдіміз деп атап өтті. Президенттің бұл сөздері Конституцияның демократия, азаматтық құқықтар мен ұлттық бірліктің кепілі ретіндегі негізгі рөлін көрсетеді.

Конституциямызда халқымыздың арман - мұраттарына, ұлттық құндылықтарына қажетті қандай айшықтары болды десек, оның кіріспе бөлімінде, яғни заң тілінде «преамбула» деп аталатын тұсында

«Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып осы Конституцияны қабылдаймыз» деп жазылған.

ҚР Конституциясының негізгі қағидаттарына мыналар жатады: 1. Тәуелсіздік, демократиялық, құқықтық және зайырлы мемлекет; 2. Заңның үстемдігі және адам құқықтары; 3. Биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары арасында бөлінуі; 4. Қазақстанның бірлігі мен аумақтық тұтастығы.

Бұл қағидаттар мемлекеттің саяси және экономикалық трансформациясының негізі боп саналады. Конституция қоғамдық өзгерістерге бейімделе отырып, бірге дамыды. Атап айтқанда 1998,

2007 және 2022 жылдары маңызды түзетулер енгізілді. 2022 жылғы 5 маусымда референдумда халықтың тікелей дауыс беруімен Конституцияға елеулі өзгерістер енгізіліп, «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасының құқықтық негізі қаланды. Реформа нәтижесінде Парламентімізде 6 саяси партияның өкілдерімен, 26 өзін-өзі ұсынған депутаттар қызмет етеді. Бұл депутаттардан сайлаушылардың күтетін талап-тілегі өте көп.

Афиналық заңгер, өз заманының ұлы ойшылы Солон «Өзі шығарған заңын өзі орындамаған мемлекет түбі құлап тынады» дейді. Сондықтан да біздің азаматтарымыз қолданыстағы конституциялық нормалар мен принциптерді бұлжытпай орындауы керек. Кезінде елімізде әділет министрі, премьер-министрдің орынбасары қызметін атқарған, заң ғылымдарының докторы, профессор Нағашыбай Шайкеновтың «Біздің азаматтарымыз Конституцияны құрметтей, сыйлай білуі керек. Мемлекеттік қызметкерлер Конституцияны құрметтеп, сыйлап қана қоймай, оның нормалары мен қағидаттарын өмірге енгізуге үлкен үлес қосуы керек. Ал оның нормаларын орындамау, мемлекеттің заң нормаларын орындамау, ол адамға күнә ретінде есептелуі керек» деген ой-тұжырымы бар. Мемлекеттің қолданып отырған Конституция және оның ауқымында қабылданған ұлттық заңнамалардың аясында өмір сүру мәдениеті қалыптасқан жағдайда қоғамның кемелденуі басталады.

Сол сияқты қоғамның кемелденуі биыл 180 жылдығын тойлап отырған, әлемге танымал, қазақтың ойшылы, қазақтың брендіне айналған ұлы ғұлама, хакім Абайдың «Толық адам» идеясымен толық үйлеседі. Өйткені толық адам деген адал азамат. Адал еңбек арқылы адал табыс тауып, қоғамға адал қызмет етудің мінез-құлқы конституциялық мәдениеттің қырларын ерекше ашып көрсетеді. Қазақ елінің билер мектебінен тәжірибе алған, қазақ данасы Абайдың



құқықтық идеялары, билік шешімдері де азаматтардың өтініш, шағымдарының әділетті, заңда шешілуінің нақты үлгілері деп те айта аламыз. Конституцияның 30 жылдығы — бұл тек мереке емес, сонымен бірге болашақ мақсаттарға көз сала-тын уақыт. Президент әрбір азаматтың конституциялық қағидаттарды сақтауы мен саналы түрде түсінуі маңызды екенін атап көрсетеді. Қазақстан Конституциясы жай ғана заңды келісім емес, бұл азаматтарды біріктіретін, мемлекеттік саясатты айқындайтын және болашақ ұрпақ үшін тұрақты құқықтық негіз қалыптастыратын құжат.

Заң ғылымында «конституциялық патриотизм» деген ұғым бар. Бұл жай ғана ұран, Ту көтеру, көк Тудың желбіреуі туралы өлеңдер айтып, ән шырқау емес. Конституциялық патриотизм - Ата Заңымызды тереңнен түсініп оқу, оның әр бабын күнделікті өмірде пайдалану, құқықтар мен бостандықтарды қолдана білу, сонымен қатар Ата Заңға сәйкес Отан алдындағы, мемлекет алдындағы конституциялық парызды орындау, құрметтеу, сыйлау. Конституциялық патриотизм азаматтарды мемлекетке адал қызмет етуге үндейтін басымдықтардың бірі.

Қорыта келгенде Конституция — елдің құқықтық тірегі. Оны сақтау — тек заң талабы емес, сонымен қатар ортақ келісім мен әділетті қоғамның кепілі.

Байжан СЕЙІТҚҰЛ,
Әл-Фараби орта мектебінің
құқық негіздері пәнінің мұғалімі.

Ел дамуының даңғыл жолын айқындайды

Биыл Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толды. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлық тілегімен арманы — еркіндік еді. 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата заңымыз — тәуелсіз Қазақстанның дамуының, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың берік іргетасы болды. Конституция — елді ортақ мақсатқа ұйыстыратын, болашаққа бағдар беретін құндылықтар жиынтығы. Ата заң — бұл ел ішінің ынтымағын, бірлігін бекемдейтін киелі құндылық, елдің ертеңіне көз тіккен кемел құжат. Осы отыз жылда еліміз сан салада толайым табысқа жетіп, халықаралық аренада беделіміз биіктеп, айымыз оңынан туды. Бұл — тарихтың тезінен өткен, замана сынынан сүрінбей шыққан Конституцияның өміршеңдігі мен тұғырлылығының айғағы.

Әрбір мемлекеттің өркениетті дамуының, құқықтық жүйесінің берік болуының басты кепілі — Конституция. Қазақстан Республикасының Конституциясы — халықтың таңдауымен қабылданған ең қастерлі құжат, еліміздің негізгі заңы. Ол мемлекетіміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік құрылымын, билік тармақтарының қызметін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын айқындап берді.

Конституция — жай ғана құқықтық құжат емес, ол — елдіктің айнасы, болашаққа бастар бағдаршам. Әрбір азамат өзінің құқығын, міндетін біліп, заңға құрметпен қараса, мемлекетіміздің де іргесі берік бола түспек.

Сондықтан Конституцияны қастерлеу — әрбіріміздің азаматтық борышымыз. Ол — ел дамуының даңғыл жолын айқындайтын темірқазық, тәуелсіздігіміздің тірегі, бірлігіміздің берік кепілі.

А. ИМАНДУСАНОВ,

Жетісу облысы бойынша жеке сот орындаушылар палатасының жеке сот орындаушысы.

Қазақстан Республикасының Конституциясы — 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды, 5 қыркүйек күні өз күшіне енді. Дауыс беру еліміздің қалалары мен ауылдарындағы сайлау учаскелерінде жүрді.

Конституция мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат болып табылады. Ол мемлекеттік тетік, қоғамдық, саяси институттар ретінде қызметтің негізі боларлық принциптерін орнықтырады, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыстың негіздерін айқындады.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢІСТІКТІҢ БАСТАУЫ

Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы орнықты тәуелсіз мемлекетті құрудың, еліміздің одан әрі тұрақты дамуы мен жаңа құқықтық кеңістікті қалыптастырудың берік нормативтік тұғырына айналды.

Қазақ жерінде тұрып жатқан әртүрлі ұлт өкілдерінің этностық, діни және өзге де сипатына, әлеуметтік тегіне қарамастан, барлығының тең жағдайда өмір сүру туралы ереже конституциялық қағидамыздың басты өзегі болып табылады.

Қазақстан бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократияландырудың жаңа кезеңіне қадам басты. Өркенді де өршіл дамып келе жатқан қоғамның іргетасы осы

заманғы нарық экономикасы бола алады.

Аға ұрпақты, ана мен баланы, жастарды қамқорлық пен ілтипатқа бөлейтін әлеуметтік, еркін, ашық әрі демократиялық қоғам.

Қазақ халқының санғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуына кәміл сенеміз.

Нағима БОКУШБАЕВА,
"Жетісу облысының мемлекеттік архиві" КММ Сарқан филиалының архивісі.

•Келбет

Жаз аяқталып, күз басталғанда, сарша тамыздың соңында табиғаттың жап-жасыл бояуы сағыныштың түсіне алмасып, көкзеңгір аспанның көгілдір нілі бұзылмай бір-ер аптаға созылатын шуақты күндерді қазақ мизамшуақ деп атайды. Күн қызуы кете қоймаған тамылжыған күн көзінде мизам ұшып, жаныңды бір жаймашуақ қалыпқа бөлейтіні бар. Кәрілік бойды құрсауламай тұрғанда адам біткен өткеннің өнегелі шақтарын ойына алып, жадын жаңғыртқан кезеңі осынау мизамшуаққа ұқсайды. Адам егделенеді. Өткен жылмен бірге жасармайды, жасына жас қосылады. Атқарған ісі мен желкілдеп өскен балаларының өркен жайғанын көріп марқаяды. Осындай мизамшуақ шақты сыйлаған тағдырына іштей ризашылығын білдіреді.

Жомарт ИГИМАН



Қадірлі боп қартаюу да ЗОР БАҚЫТ

Бір шаңырақ астында 55 жыл түтін түтетіп, ынтымақтың ырыс қазығы екендігін дәлелдеген Жанасбековтар отбасын Сарқанда екіншісі біледі. Осындайда ойымызға ежелгі бір тәмсіл оралады. Адам Ата ұрпағы алғаш рет үй салғанда табалдырығына Құт келіп орнығып, төріне Бақыт орналасып, дастарханына Береке жайғасып, босағасына ынтымақ мекендеген екен. Біз білетін Қадыл ағамыз бен Райхан жеңгеміздің шаңырағы қашан да шырайлы, атап айтқанда табалдырығы құтты, балалары бақытты, дастарханы берекелі, бір сөзбен айтқанда ынтымағы бұзылмаған отбасылар қатарында.

Қадыл Тұрысбекұлы бар күш-жігерін, көкейге түйген білімі мен жинақтаған өмірлік тәжірибесін қоғамдық еңбекке арнап қана қоймай, кейінгі толқынға бастаған ісін аяқсыз қалдырмайтын тиянақтылығымен үлгі болып келеді.

Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Жанасбеков Қадыл Тұрысбекұлының белсенділігін, сергектігін, жігерлілігін, қатарластары әлдеқашан мойындап қойған. Барлық елді мекендерде, ірі өндіріс орындарында, ұжымдарда бастауыш ардагерлер ұйымы құрылып, ауданның сан салалы істерінде Қадыл аға ақылшы – кеңесшілікпен танбай келеді. Жыл он екі ай бойы бір тынбайтын тынымсыз тірліктің бел ортасында аға буын өкілдері жүрсе бұл аудандық құрылымның басындағы ағамыздың іскерлігінің нәтижесі. Биылғы ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай аға буынды ардақтау бағытындағы үлкенді – кішілі істердің ұйытқысы да осы ағамыз. Еңбегі ескерусіз қалып көрген жоқ. «Еңбек ардагері» медалімен, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20, 25 жыл», «Қазақстан Республикасы Конституциясына 20, 25 жыл», «ҚР Ассамблеясына 25 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталды, Сарқан ауданының Құрметті азаматы атанды.

Қадыл Тұрысбекұлы ардагерлер арасындағы мәдени іс-шараларға көп көңіл бөледі. Тыным таппай жүріп демеушілер тауып, әртүрлі байқаулар өткізіп отырады. Аудан көлемінде «Өмірім – өнерім» атты ән байқауын өткізіп, жеңімпаздарға облыстық байқауларға жолдама береді. Тиісті дипломдармен, сыйлықтармен марапатталып, облыстық байқаудан оралған ардагерлердің жаны жасарып, келер күнге құлшына түседі. Үлкендер арасында бата беру дәстүрін дәріптеп, байқаулар арқылы батагөйлерді анықтап, облыс көлемінде олардың мерейі үстем болуын басты назарда ұстайды. Сондай қарияларымыздың қатарында абыз ақсақалдарымыз Болат Рахметқалиев, Қожамсейіт Сүлейменов және басқалар бар.

Аға буын арасында шахматтан жарыстар ұйымдастырып, жеңімпаздарды марапаттаудың жолын іздестіреді. Соның нәтижесінде ауданымызда аға буыннан тәлім алған жас спортшылардың, шахматшылардың қатары көбейіп келеді. Жуырда ғана аудан орталығындағы «Жанұя» отбасын қолдау мекемесінің жа-

нынан облыс аудандарының арасында тұңғыш болып Белсенді қарттардың ұзақ өмір сүру орталығы ашылды. Орталықтың ашылуына Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев арнайы келіп қатысып, ардагерлер белсенділігіне ризашылығын білдірді.

Әр азаматта өзіндік қабілет, бейімділік бар. Оның мінезі де соған сай келеді. Талай оқуларды тауысып, талай мамандықтардың тұтқасы атанғанымен өмір тізгіні басқа салаға жетелейтін кездер де болады. Сексен жасқа сергек жетіп отырған Қадыл Тұрысбекұлының өмір деректерін сараласаңыз осындай жәйтке куә боласыз. Милиция мектебін бітіргенімен бұл ағамыздың өзге салада жемісті қызмет атқарғаны елге белгілі. Қандай салаға бармасын ынта, қабілетімен іске кірісті. Бойдағы туа біткен талантымен іскер жетекші атанды. Еңбегінің жанғаны, жұмысының жанданғаны осындай қасиеттерінің нәтижесі.

1945 жылы 14 қыркүйекте Көкөзек ауылында үлкен отбасының 9-ыншы перзенті болып дүниеге есігін ашқан біздің кейіпкеріміздің еңбекпен етене болып өскені оның өмір жолында алғышарт болып қаланды.

1945 жылы Ұлы Отан соғысы аяқталды. Халықтың көкейінде бір қуаныш, бір күдік алмасып тұрды. Біреулер туған жерге аман-есен оралып жатса, кейбіреулері мүлде хабарсыз кетіп, отбасының түн ұйқысы төртке бөлінгенді.

Тірі адамның тіршілігі таусылмайды, көпшілік күйбең тірлікпен еңбек етуде. Тарихтың бұл кезеңі Сарқан ауданының Көкөзек ауылын айналып өтпеді. Еңбекке жарайтындардың бірі соғысқа қатысса, бірі тылда еңбек етті. Тұрысбек атаның да отбасы тылдағы қиыншылықты бастан өткеріп жатты. Бір үйде сегіз бала, әке-шешесімен 10 адам. Жарының тоғызыншы балаға аяғы ауыр. Ауыл адамы шаршауды білмейді, таң бозынан қара кешке дейін демалу жоқ. Көкөзек ауылы табиғаты құрғақ, жазда аптап ыстық, маңсаз жегі бар. «Жеріне қарай – құланы, тауына қарай – қыраны, ұлысына қарай – ұраны, ұранына қарай – ұланы» дейді атам қазақ.

Сол күні Алтын ана тоғызыншы перзентіне босанды. Қиыншылық кезең болғандықтан қалжаға екі әтештің етімен сорпаланғанын анасы айтып отыратын. Сол күні аузында Алласы бар көрші молда азан шақырып, баланың атын Қадыл деп қояды.

– Мен шешемнің үшінші мүшелінде, 37 жасында дүниеге келіппін. Бірінші сыныптың есігін Жотатаған ауылында аштым. Соғыстан кейінгі уақыт, бірінші мен үшінші, екінші мен төртінші клас бір бөлмеде қатарластырып бір ғана ұстаз оқытатын. Алғашқы ұстазым Гүлжан Барманқұлқызы көгенкөздерге бастауыш білім берді, – деп еске алды Қадыл ағамыз

балалық шағын.

Әкесі Тұрысбек мүйізді ірі қара бағатын бақташы еді. Малшының емес малдың жағдайын ойлайтын кезеңде бұлардың отбасы сол өңірде көшіп – қонып жүргені белгілі. Отбасылық жағдайға байланысты Қадыл Тұрысбекұлы үшінші сыныптан бастап Қарабөгет ауылы кеңесіне қарасты Бастауыш елді мекенінде Мұхаметқали Сүлейменов деген ұстаздан дәріс алады.

– Соғысқа қатысқан, оң аяғын сылтып басатын майдангер еді ұстазымыз. Бір сөзін қалт жібермей тыңдайтынбыз. Осы ауылда мен төртінші сыныпты бітірдім, – дейді ағамыз. «Бастауышты бітірді, одан әрі оқу не керек?» деген әке байламынан шыға алмай бақташының көмекшісі болғаны есінде. Ынтасы – оқу, бірақ оны түсінетін үлкендер жоқ. Бір жыл бойы Зеңгі баба түлігінің соңында уақыты өтеді. Ақыры жылап жүріп ата-анасын көндіріп, келесі жылы Қарабөгет ауылындағы Пушкин атындағы жеті жылдық мектепке қабылданады.

Ағайыншылық, туысқандық сезім басқа халықтардан гөрі қазақтардың қанында барлығы айқын. Қадыл ағамызды Тұрысбек әкесі баласы жоқ інісі Тұрысбайға беріп, сол үйде 1953-1963 жылдар аралығында 10 жыл бойы тәрбиеленіпті. Өз ошағы, өзінің ата-анасы, ыстық ұясы болса да ес біліп қалғанда басқа үйге барғандығынан шығар бауыр баса алмай үш рет өз үйіне қашып келгендігін бүгін ағамыз жыр қылып айтады. Сол үйде жүріп жекеменшік мал бағып, тірлікке ерте бейімделгендігі кейін өмірге ертерек ысылуына оң әсерін тигізген болар.

1959 жылы жеті жылдық білімі бар жеткіншекті колхоз тағы да малдың соңына салады. Дегенмен көкейдегі «оқысам деген» арман жеңеді де, 1962 жылы Шұбардағы ауыл шаруашылық техникумына түседі. Қадыл Тұрысбекұлының өмір жолын кілт өзгерткен жағдай әскер қатарына шақырылуы. 1964 жылдан 1967 жылдың желтоқсанына дейін отан алдындағы міндетті борышын Саратов қаласында өтеп, осы қаладағы жұмысшылардың кешкі орта мектебінде оқуға мүмкіндік табады. Армия қатарында жүріп КПСС мүшелігіне өтеді. Көзі ашылады, арманының аясы кеңиді. Сондықтан да әскерден оралысымен техникумдағы оқуын жалғастырмай жүрек қалауымен Сарқан аудандық ішкі істер бөліміне милиция қызметкері болып қабылданады. Орта білімді Островский атындағы орта мектептің жанындағы кешкі бөлімнен алып, аттестат алады. Арман алдамайды. Сол кездейсоқ ауданның бірінші басшысы Мейіртай Ұсатаевтың қабылдауына кіріп жүріп, 1968 жылы тамыз айында ішкі істер министрілігіне қарасты Алматы милиция мектебіне оқуға түскенін ағамыз жиі есіне алып отырады.

Өмірдің мағынасын тереңдетіп,

әрлендіре түсетін басты өлшем – ойлы әрекетке толы тәуекел. Жасқаншақ адам өзінің намысын қорғай алмайды, тәуекелге бел буа алмайды. Қадыл ағамыздың жастайынан ерік-жігері мықты болған көрінеді. Қажет кезінде тәуекелге бел шешіп барған ол қоғамға жемісті пайдасын тигізетін азаматқа айналды.

Қадыл аға милиция мектебін 1970 жылы бітіріп Талдықорған облысының бірнеше ауданында ішкі істер саласында қызмет атқарады.

1976 жылы тамыз айында Қадыл Жанасбеков Сарқан аудандық атқару комитетінің нұсқаушысы болып қабылданады да осы салада жемісті қызмет атқарады. Осы өңірден Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланған Мейрамғали Қалиасқаров ағамыздың көмекшісі болып қызмет атқарғаны да еңбек кітапшасында айшықталған.

Қадыл Тұрысбекұлы еліміз тәуелсіздік алған жылдардың басынан бері аудан әкімдігінде заңгер, көші-қон бөлімінің бас маманы қызметтерін атқарды. Аудандық статистика басқармасы бастығының орынбасары ретінде өзіне таңсық салаға барғаны да осы тұс. «Орын адамды емес, адам орынды көркейтеді» деген ұғым ағамыздың болмыс-бітіміне дөп келеді. Араға жылдар салып 1999 жылдың маусым айынан 2005 жылдың мамыр айына дейін статистика басқармасының басшысы лауазымын жетік меңгергені айналасына аян. Сол жылдары санақ өтіп, осынау саяси шара ауданымызда жемісті жүзеге асырылды. Бұл санақ әрине, Қадыл Тұрысбекұлының білікті басшылығын, ұйымдастырушылық қабілетін бағалауға негіз болғаны айқын.

Ақырын жүріп, анық басып, білімін іс жүзінде пайдалана білетін Қадыл Тұрысбекұлының аудан әкімдігі аппаратында өзіндік орны болды. Осы жерден бас маман ретінде зейнет демалысына шықты. Қаршығадай қағиліз тұлғасымен егделікті мойындай қоймаған аға буын өкілін ақыл-кеңес үшін шақыратындар аз емес дейді. Зейнет демалысының дәмін біраз татқан соң аудан басшылығының ұйғарымымен ақсақалдардың сенімін иеленген Қадыл ағамыз 2013 жылдың наурыз айынан бері аудандық ардагерлер ұйымына төрағалық етіп келеді.

– Қызметте алаңсыз жүруім зайыбым Райхан Үсенқызының қамқорлығына байланысты. Ұзақ жылдар бойы бір шаңырақ астында түтін түтетіп екі ұлды өсіріп – жеткіздік. Қазір осы балалардан тоғыз немере сүйіп отырмыз, – дейді Қадыл Тұрысбекұлы.

1970 жылы қазанның 30-ында үйленді, шаңырақ көтерді. Райханның ұзақ жыл сауда саласына еңбегі сіңді, зейнетке шықты. Бүгінгі таңда ынтымақты отбасы иелері Қайрат пен Эльмирадан, Қанат пен Эльвирадан тараған немерелерінің қызығына бөленуде.

80 деген жасыңыз ағамызды келер асуларға жетелеп барады. Алда ақыл-парасатқа толы тоқсан күтіп тұр. Кемел жасқа абыроймен жеткен ағалардың жолын кейінгілерге берсін!

Бұл күндері Сізді, аға, таныр көп, Айналаңда ағайын көп, бауыр көп. Жетісу мен Сарқан құрмет тұтады, Қадыл аға, Қадыл ата, Қадыл деп.

Ізденісі, талпынысы – жолдасы, Бағзыда өткен жақсылардың жалғасы. Ардагерлер армиясын бастаған, Қадыл ағам қолбасы.

Ажыратып жасық пенен асылды, Білген жоқсыз қамығуды, жасуды. Жас жігіттей жайнаң қағып келесіз, Бағындырып сегіз ондық асуды.

Перзенттерің тірек бүгін жанға құт, Шөберелер шауып жүрсін шаңдатып. Сергек қалпы сексенге де жеттіңіз, Қадірлі боп қартаю да зор бақыт.

Бақ қараса арайланар таңың да, Ғұмыр бойы жақсылықтан жаңылма. Еркін көріп ұрпағыңның қызығын, Райхан жеңгей бірге жүрсін жаныңда.

Сізге біткен қабілетті ел түсінді, Ұшырасың көкке қиял – құсыңды. Жақсы ісінді өнеге етіп қалдырып, Сомдап жүрсін мәңгі ескерткішінді.



Жаңашыл көзқарастың серпін береді

Ауыл шаруашылығы – табыс пен тіршіліктің негізгі көзі. Соңғы жылдары бұл салаға жаңа технологиялар дендеп өне бастады. Заманауи техниканың арқасында шаруалардың еңбегі жеңілдеп, уақыт пен қаражат үнемделіп келеді. Осындай жаңашылдықты ауданымызда да қолға алған жастар бар. Соның бірі – Сарқан ауданының тұрғыны агродрон құрастыру ісімен айналысып жүрген азамат Ұлан Рахымбай.

Жас өнертапқыштың қолынан шыққан дрондар егіс алқаптарына тыңайтқыш пен дәрі-дәрмек себуге, алқап жағдайын аэрофото және бейнеқұрылғылар арқылы бақылауға қабілетті. Қазіргі таңда ол өз қолымен бірнеше үлгіні құрастырып, сынақтан өткізіп үлгерген.

– Агродрондардың артықшылығы көп. Біріншіден, ол уақытты үнемдейді, екіншіден, шаруаның шығынын азайтады. Мысалы, бұрын 10 гектар жерді дәрілеу үшін күннің көп бөлігін жұмсайтын болса, қазір дрон арқылы бар болғаны бірнеше сағат жеткілікті. Бұл – ауыл еңбеккерлері үшін үлкен қолдау, – дейді жас жігіт. Ұланның құрастырылатын дрондардың санын көбейтіп, ауылшаруашылығынан басқа салаларында да қолдану бағытындағы үлкен мақсаты бар.

Шынында да, агродрондар ауылдағы еңбек өнімділігін арттыруға жол ашпақ. Жаңа технологияға қызығушылық танытып отырған жергілікті шаруалар жас маманның бастамасын қолдауда. Болашақта ол өз жобасын жетілдіріп, өндірісті одан әрі кеңейту жоспарын жасап отыр.

Ауыл шаруашылығына жаңашыл көзқарас әкелген сарқандық азаматтың еңбегі көпке үлгі. Бұл бастама тек ауданымыз үшін ғана емес, тұтас өңірдің агросаласын дамытуға тың серпін берері анық.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Мекмен — кеме, білім — теңіз

«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», – деп бірінші ұстаз Аристотель айтқандай, білім мен өнер сіздің болашағыңыздың жарқын болуына бірден-бір кепіл. Білім жайында жер бетіндегі ақын-жазушының бәрі де қалам тербеді. Ұлағатты ой айтып, нақыл, қанатты сөздері бізге мұра болып қалады.

1 қыркүйек — білім күні. Әрбір адамның өміріне ерекше әсер қалдыратын бұл күн еліміздің барлық тұрғындарының басын біріктіреді. Бірінші қыркүйек — жарқын және іс жүзінде жалпы халықтық мереке! Бұл күні бірінші сыныпқа баратын бүлдіршіндеріміз үшін мектеп қоңырауы

алғаш рет соғылып, қызықты кездесулерге толы жаңа өмірлік кезеңі басталады. Осы күнді бала бақша тәрбиеленушілерінен бастап, мектепті, жоғарғы оқу орнын аяқтаған адамдарға дейін атап өтеді. Ол біздің ортақ мейрамымыз, өйткені әр істің, кез келген кәсіптің негізі — білім болып табылады. Білім адамға өмірлік жолды таңдауда сенімділік пен еркіндік, биік шыңға жету мен өз қабілеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Дәл осы күні ұстаздардың өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі орасан еңбегін де атап өткім келеді. Ұлттың ағартушы ұлы тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы "Ұстаз -

Коррупция с моей точки зрения

и недостатку инвестиций. Бизнесмены и предприниматели сталкиваются с вымогательством и требованиями взятки, что создает нестабильность и отталкивает потенциальных инвесторов. В результате, экономика страдает, растет безработица, а уровень жизни населения снижается. Коррупция также оказывает негативное влияние на образование и здравоохранение. Когда средства, предназначенные для развития образования и здравоохранения, уходят на взятки и незаконные схемы, это приводит к низкому качеству услуг и отсутствию доступа к ним для многих людей. Бедные и уязвимые слои населения становятся жертвами коррупции, так как им не хватает средств для получения качественного образования и медицинской помощи.

Однако, несмотря на все эти негативные последствия, коррупция продолжает процветать во многих странах. Причиной этого является недостаточная ответственность и наказуемость за коррупционные преступления. Важно создать эффектив-

ные механизмы контроля и наказания за коррупцию, а также повысить общественное сознание и осведомленность о вреде коррупции. Кроме того, необходимо развивать прозрачность и открытость в государственных структурах. Открытые данные, доступная информация о бюджете и расходах, а также участие общественности в принятии решений – все это поможет снизить вероятность коррупционных схем и повысит доверие к власти.

В заключение, коррупция – это серьезная проблема, которая требует немедленного и энергичного решения. Она подрывает основы демократии, экономики и социальной справедливости. Необходимо объединить усилия государства, общества и международного сообщества для борьбы с коррупцией и создания честного и справедливого общества.

Ж. УНЕРХАНОВА,
«Жетісу облысының
мемлекеттік архиві» КММ
Сарқан филиалының жоғарғы
санатты архивісі.

Қайтарымы мол ізгі амал



Жаңа оқу жылының қарсаңында Сарқан қаласында орталық алаң мен «Жастар» саябағында елімізде дәстүрлі түрде өтетін «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында киім-кешек, оқу құралдары, кеңсе тауарлары және мектеп сөмкелері қолжетімді бағамен ұсынылды. Сонымен қатар жергілікті кәсіпкерлер мен елжанды азаматтар да игі бастамадан шет қалмай, оқушыларға мектеп формасы мен қажетті жабдықтарды тегін табыс етті.



Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Мектепке жол» акциясы аясындағы мұндай шаралар әлеуметтік қолдаудың нақты көрінісі болып, балалардың қуанышпен мектепке баруына мүмкіндік береді.

–Біз Аманбөктер ауылының табиғи таза өнімдерін әкелдік. Демеушілердің көмегімен жиналған аталған ауылшаруашылық өнімдерін сатып, түскен қаржысына мұқтаж отбасы балаларын мектепке дайындаймыз. Ауасы айрықша, шөбі құнарлы өңірдің құрт, сары май, қатық, ірімшік, қымыз сынды ұлттық өнімдерімізді дөріптеу арқылы біз болашақ ұрпақты сапалы тағамдарды тұтынуға шақырамыз. Сондай-ақ ауылдан келген табиғи бал, қас, жаймақ, тау өрігі де тұтынушылардың сұранысына ие болды. Жалпы «Кең болсаң, кем болмайсың», – деген сөздің түпкі мағынасы жомарттық, қайырымдылық, кеңпейілділік қасиеттерге ұласады. Адамның жасаған қайырымдылық істері ешқашан бос кетпейді. Сондықтан қайырымдылық жасау – қайтарымы мол ізгі амал, – дейді Аманбөктер негізгі мектебінің директоры Жансерік Бөкен.

Қайырымдылық жасау — адамгершілік қарым-қатынастарды, мейрімділікті білдіреді. Бұл адамның адамға деген таза ниетін, адамгершілік қатынасын көрсететін, бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен көмегі.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы қарсаңында «Жаңа бағыт KZ» қоғамдық бірлестігі төрағасы Марат Алтынбеков көпбалалы, аз қамтылған 10 отбасының балаларына мектеп құрал-жабдығын алып, бүлдіршіндерді қуантты. Игі ниетте өткізілген шарада жүрегі жұмсақ, қолы ашық жомарт жандардың бар екеніне тағы да көз жеткіздік.

Аудан бойынша акция аясында 1000-ға жуық баланы мектепке даярлау жоспарланған. Қазіргі таңда бұл жұмыс кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді.

Өз тілшіміз.

МӘМС туралы заңға енгізілген негізгі өзгерістер талқыланды

Жетісу облысының «Атамекен» Өңірлік кәсіпкерлер палатасы алаңында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалы мен өңірдің бизнес-қауымдастығы өкілдерінің кездесуі өтті. Дөңгелек үстел барысында 2025 жылғы 14 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға енгізілген өзгерістер талқыланды. Кездесу барысында ерекше назар 2026 жылдан бастап енгізілетін медициналық көмектің бірыңғай базалық пакетін іске асыруға аударылды. Өзгерістер көздейді: ТМҚК мен МӘМС арасындағы қайталанатын қызметтерді жою; Әлеуметтік маңызы бар ауруларды ерте анықтау және скринингтік тексерулерге қолжетімділікті кеңейту; Медициналық қызметтерді көрсетудің ашықтығын арттыру.

Сонымен қатар, қатысушылар жүйенің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету шараларын да талқылады, атап айтқанда: 2026 жылдан бастап жарналар мен аударымдарды есептеу үшін жоғарғы шекті мөлшерді ұлғайту; Уақытша қиындықтарға тап болған жағдайда сақтандыру мәртебесін 6 айға дейін сақтау; Жергілікті бюджеттер есебінен жүйеге тағы шамамен 1 миллион әлеуметтік осал азаматты енгізу.

Сондай-ақ, өңірдегі медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға қатысты өзекті мәселелер көтеріліп, талқыланды. Дөңгелек үстел Қор филиалы, медициналық сектор мен кәсіпкерлік қауымдастық арасындағы ашық диалог алаңы ретінде маңызды рөл атқарды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

Г.. КАРНАУХОВ,
руководитель Сарканской РТИ.

• Тағылым

Осындай бір
ақсақал бар

Абай ауылының ежелгі тұрғыны Сасанбаев Қалам ақсақал жайында жазбақ болып ойланғаннан бастап, көз алдыма келе беретін осынау бір көріністі айтып өтейін. Мектепте оқып жүргенімізде, сабақ арасындағы үзіліс уақытында мектеп маңындағы шағын дүкенге құмыра өткізіп, жұмыртқа өткізіп, жинаған азынаулақ тиын-тебенімізге тәтті алу үшін жүгіре жөнелуші едік. Дүкен сөрелерінде ұқыпты жиналған үнді, грузин шайлары, қалбырдағы майшабақ, түрлі тәттілер, керосин шамының пілтесі, шынысы, шұлықтар, бірнеше кез маталар т.б. тауарлар жататын. Дәл осы көрініс менің көз алдамда бүгінгідей сақталып қалыпты. Содан соң ол кісілер колхоздың мал қыстағындағы дүкеніне ауысып кетті. Өзінің негізгі мамандығы мал шаруашылығы қызметі болғандықтан, Қалам ағай мал шаруашылығын, мал жағдайын жете меңгеріп қана қоймай, сауда-саттық саласында да табанды және нәтижелі қызмет атқарды. Оған қоса бау-бақша, түрлі өсімдіктер мен гүлдерді өз ауласында өсіріп, баптау ағай мен апайдың қызығушылықпен атқаратын жұмыстарының бірі. Жасының егде тартқанына қарамастан үйінің жанында бос жатқан жерге су тартып, әртүрлі сұрыптағы алма ағаштарын егіп, оны қалай күтіп, баптауды балаларына, немерелеріне үйретуден бір жалыққан емес. Қалам ағаның балалық шағы, соғыс кезіндегі балалық шақ болса да, балалығы болмағандармен тағдырлас. Әкесі Сасанбай Өтеулинов Ұлы Отан соғысының ардагері. Соғыста жараланып бірер күн неміс әскерлерінде тұтқында болып, одан кеңес әскерлерінің көмегімен босап шығып, ұрысқа араласып, соғыс біткен соң, туған ауылына аман-есен оралады. Сол біраз күн тұтқында болғанын ауылдастарына әңгіме арасында айтып қойғаны қалған өміріне бәле болып жабысады. Ауылдағы белсенді, арызқой, пысықайлардың арқасында бұл ақпарат аудандық НКВД бөлімінің қызметкерлерінің құлағына шалынып, Сасанбай әкейдің әр сөзіне, әр іс-әрекетіне тыңшылар тарапынан бақылау қойылады. Колхоз жұмысынан бос уақытында, ауыл маңындағы таудан аң-құс атып әкеліп жүргенін көріп: «Сен колхоз жұмысынан бас тартып, өтірік аң аудадым деп Қытаймен екі ортада тыңшы болып жүрген халық жауысың» деген жала жабылып, үштіктің шешімімен он жылға бас бостандығынан айрылып, түрмеге, ауыр жұмысқа айдалады. Сасанбайдың әулетіне келген нәубет мұнымен тоқтамайды. Отағасы жала жабылып сотталып кеткен соң, үш баласымен (Қалам, Халел, Жәлел) қалған Жәнипа шешейге де тыныштық болмайды. Жәнипа шешейді де «Сен халық жауының жарысың, сенің де күйеуіңнің ісіне қатысың бар» деген желеумен қудалай бастайды. Бұл сұмдықтың арты жақсылыққа अपмайтынын білген Жәнипа шешей, ес біліп қалған Қалам ағаға: «Сен ештеме білмейсің, тіпті мылқау болып қал, әкеңнің де атын атама! Қаш! Сарқандағы балалар үйіне тығыл!»-деген кеңес беріп, өзі Халел мен Жәлелді алып, жаю-жалпы, жолай кездескен арбакештерге ілесіп Лепсі, Матай өңірінде тұратын ағасы Болатханды паналап, құмдағы бір Водомер деген ауылға барып, мал бағып жан сауғалайды. Тіпті әкесінің аты кейін баласының болашағына кері әсерін тигізбесін, аман қалсын деген оймен Жәлелді бауыры Болатханның атына жаздырып, сол кісіге асырауға береді. Сталин қайтыс болған соң жаппай саяси қудалау тоқтатылып, саяси тұтқындар ақталып, саяси жылымық заман орнағанда Өтеулиновтар әулеті де ақталып шығады. Соғыс салған жараның, түрмедегі ауыр жұмыстың салдарынан Сасанбай әкей ауылға оралғанымен көз ұзамай көз жұмады. Мінекей балалық

шағы соғыспен тұспа-тұс, жасөспірімдік шағы қуғын-сүргінмен тұспа-тұс келген Қалам ағай қазір 90-ға келіп отыр. Ой-өрісі кең, санасы түзу, денсаулығы мықты, жастарға айтары көп. Ол кісімен қай тақырыпта болса да еркін әңгімелесіп, ақыл-кеңес алуға болады. Балаларын да заманға сай білімді де білікті тәрбиелеуінің арқасында ауылға сыйлы, үлгі аларлық, көрнекі отбасы болып отыр.

Осы жазбамда мен Қалам ағаның мінез-құлқындағы, тұрмыс-тіршілігіндегі ерекшеліктерін шамам келгенше ашып көрейін. Қалам аға мені бір күні үйге арнайы іздеп келіп: «-Ұлжан қарындасым! Мен сенің газет бетінде жарияланып жүрген өлең, мақалаларыңды үзбей оқимын. Көп дүниені дұрыс жазып, көп мәселені дұрыс көтеріп жүрсің»-демесі бар ма?! (Өз басым мұндай мақтауларды естісем қатты қысыламын). —«Ой аға, не тындырып қойыппын?» -депім сасқанымнан. «Айтайын»-дейді ағай. Мысалы, туған ауылыңды жер бетіндегі жұмағым деп сенен басқа кім айтты?! Жетісу Алатауының біздің ауылға қатысты бөлігін Алмалытау деп аталатынын сен айттың. Ауылың жайында, ауыл адамдары жайында көп жазасың. Сол үшін мен сені ауылымыздан шыққан ақын қыз — Ұлжан деп мақтан тұтамын дегенді айтып мені біраз ұялтып тастағаны бар. Қалам аға халқымыздың салт-дәстүрінің берік ұсталуына, жастар арасында дәріптелуіне атсалысып жүрген ақсақалдың бірі. Оған мысал, кішкентайынан бауырына басып, өсірген немересі Нұрлан үйленгенде Әсел келіннің бетін ашу рәсімін үлкен тойда емес, ата-салтымыз бойынша ағайын-туыс, көрші-көлеңнің ортасында өткізді. «Келін сөлеміне ақша, ақы алмаған! Бата алған!»-деп оны өзі үлгі етіп көрсетті. Бұл да біздің заман ағымына қарай ұмытылып, бұрмаланып бара жатқан салтымыз. Келіннің сөлемін білімсіз асабалар саудаға салып, қосымша табыс көзіне айналдырып жүргеніне қынжылады. Шындығы солай! Маған келіп: «-Сен де ана болдың, келін түсіріп, қыз ұзатқан енесің. Немере сүйген әжесің. Бір әулетке бас-көз болып отырсың. Осы шаңырағымға түскен Әсел келінімнің бетін ашып бер. Беташар тойларда айтылатын жаттанды, үйреншікті болмасын. Ауылымызға, біздің әулетке ыңғайланып айтылсын»-деп ұсыныс жасап Әселдің бетін маған аштырып еді. Шамамның келгенінше ағайдың өтінішін орындап шықтым деп ойлаймын. Қалам аға «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Сарқан» т.б. сияқты мерзімді баспасөздерге үзбей жазылып, тарихтағы, әдебиеттегі, ел өміріндегі өзгерістермен танысып, хабардар болып отырғаннан жалықпайды. Ол кісінің ұқыптылығы, ысырапқа жол бермей әр нәрсені үнеммен ұстауы, еңбекқорлығы, қандай да бір өзгерістерден сабақ алып, оны балаларына, немерелеріне, айналасына ұлағат етіп айтып отыруы үлкен үлгі. Ағайдың үйіндегі бір отырыста, бірнеше жыл өтсе де анасының сандығында ұқыптылықпен сақталған жанұялық жәдігерлерін шығарып, оны өзінің тиесілі адамдарына үлестіріп беруі де маған үлкен тәрбиелік іс-әрекет болып әсер етті. Сандықта сақталған, кезінде өте сұраныста болған әдемі бөртпе орнамалды кіші бауыры Жәлел ағаның жары Гүлфариша жеңгейдің иығына жауып: «-Енеңнің көзіндей көріп жүр. Осы дүние саған лайық» дегені мені толқытып, «Көк сандық» деген өлеңімнің шығуына себепкер болып еді. «Атам мен үшін үлкен ынталандырушы, жігерлендіруші (мотиватор). Ағылшын тілін оқы, докторантураға түс. Тоқтап қалма, өс, үйрен. Сенің қолыңнан келеді»-деп қолдап отырады. Әңгімелескенде әңгімесін тыңдай бергің келеді. Даму, оқу, жаңаны білу, тану жайында жастарға заманауи көзқараспен талап қоя біледі. Мұндай қасиет, мұндай көзқарас, атамның жасындағы адамдардан табыла бермейді»-дейді отбасындағы немере келіні Әсел. Рәзиқа апайды менің



әкем матайдың қызы, қарындасым деп ерекше сыйлапты. Апай да бізді көрсе сіңлілерім деп ерекше жылыұшырайды. Осындай әңгімелерді естіп өскендіктен балалары Бауыржан мен Біржан да, көрген жерде әпке деп ерекше ізетпен амандасып, хал сұрасып жатады. Әрине риза боласың! Қазіргі таңда Қалам аға 90-да, Рәзиқа апай 83-те. Екеуінің бас қосқандарына 60 жыл! Алты баладан 15 немере, шөбере сүйіп отырған ұлағатты отбасы. «Басында бұлағы бар өзен сарқылмайды»- деген осы шығар. Біздің ауылдың тауында «Сұлушоқы» деген шоқы бар. Тұрғындар оны «Шошақтау» деп те атайды. «Сұлушоқының» көрінісінің бір қызығы, байқаған адамға, ауылдың қай тұсынан қараса да кескін-келбетін бір өзгертпей бір қалыпта көрініп тұра береді. Сол «Сұлушоқының» көрінісіне аға мынадай тұжырымдама береді. «Біздің «Сұлушоқы» Египеттегі пирамидаларға ұқсас. Египеттегі пирамидаларды адамдар қолдан тұрғызса, ал біздің «Сұлушоқыны» жаратушы пирамидаға ұқсатып өзі тұрғызған. Пирамидалардың айналасына жағымды әсері бар екенін ғалымдар дәлелдегені бірімізге мәлім. Ендеше жаратушының өзі біздің ауылдың үстінен пирамида орнатып берсе ол үлкен қасиет қой. Біздің «Сұлушоқыны» ғарышпен тікелей байланыстырып тұрған нүкте, жер кіндігі десе де болады»-деген тұжырымын да айтып қояды. Тағы бір әңгімесінде: «-Біздің таудың сай-саласы жабайы алма ағашына толы. Жер бетінде ешбір алма ағашы болмағанда біздің өңірде алма ағашы болған. Оны қазір Сиверс алмасы деп, алма ағашының атасы деп жүр. Жер жүзіне алма осы Сиверс алма ағашынан тарағаны да дәлелденген. Ондай болса Адам - ата мен Хауа - ананың да алғаш мекен еткен жері осы біздің өңір, біздің тау»-дейді. Солай да шығар! Бастысы ағаның осындай тұжырымдамаларын естігенде, ол кісінің еліне, туған жеріне деген ерекше сүйіспеншілік сезімін байқайсың. Осындай әңгімелерді де айта отырып, аға келешек ұрпақтың бойында Отансүйгіштік, еліне, жеріне деген махаббат сезімін оятуға ықпал ететіні сөзсіз! Жастар туған тарихынан ажырамау керек. Ауылымыздың атын да тарихымызбен байланыстыратын атаумен алмастыруымыз керек дегенді айтып, ауылдың атын Базарбайұлы Тәсібек ауылы деп атау жөнінде ұсыныс жасап жүр. Ондағы ойы жас ұрпақ өз еліне, өз жеріне еңбегі сіңген тұлғаларды танып, біліп жүрсін деген ойы екені белгілі. «Іскер, қалталы азаматтар ауылдың ішінен шағын шырын зауытын ашса, онда табиғи шырын өндіру үшін қажетті шикізатты арзан бағада осы ауылдың тұрғындарының өзінен-ақ, таудағы қаптап өсіп тұрған алма ағаштарынан алуға болар еді»- деген тың ойларды да қозғап жүреді. Осындай тұжырымдамаларын тыңдағанда ол кісінің заманауи ойының тереңдігіне риза боласың. Жалпы біз — адамзат қасымызда жүргенде адамдардың қадір-қасиетін ескере бермейміз. Көзден кеткеннен кейін ғана «ол сондай адам еді, мұндай адам еді» деп тамсанып еске алуға шеберміз. Сол тұрғыдан алғанда Қалам әкейдің жастарға айтары, көрсетері көп. Сондықтан осындай жастарға айтары бар ақсақалдарды мектепке шақырып, кездесулер ұйымдастырып тұрса жастарды ұлттық тұрғыда тәрбиелеуге көп ықпалы, әсері болар еді деп ойлаймын. Ауылымызда, арамьызда осындай бір ақсақал бар екенін біле жүрейік!

Ұлжан НҰРҒАЛЫМҚЫЗЫ.

Абай

рухани әлемнің
кеңістігіАбай ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ
туғанына180
жыл

Биылғы жыл біз үшін, келешек ұрпақ үшін де рухани жыл болмақ. Себебі, президентіміз Қ. Тоқаевтың өзі ұлы Абай атамьыздың 180 жылдығын мемлекет көлемінде кең ауқымда атап өтуді тапсырды. Бұл дегеніміз Абай шығармашылығына басқа қырынан тағы бір үңілу, ұрпаққа рухани тұрғыдан түсіндіру.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев: «Халқымыздың Ұлы ақынға құрметі «Абай атамьыз айтқандай» деп сөйлейтінімізден де көрініп тұр. Ұлы классиктерін «халықтың атасы» деп сөйлеу ең дамыған деген ұлттарда да табыла қоймайды. Абай — ұлттың атасы, халықтың рухани әкесі. Егер қазақ баласы да Абай томын қолға алып қойып, бір өлеңін болса да оқып өзіне-өзі Абай алдында іштей есеп берсе, «Қалай өмір сүріп жатырмын осы. Абайдың айтқан ақылын алдым ба? Жасаған ісімнен қорытынды шығардым ба?» деп қорытынды жасай келе, «Абайдың «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла!» деген сөзі еріксіз есіңе түседі. Шынында да, Абай — жұмбақ адам. Оның ойлары ғауһардай түрленіп, әр қырынан әрқалай сәуле шашады. Көп ойларын тылсымдап кеткенге ұқсайды. Заман асқан сайын, уақыт өткен сайын тылсымның кілті табылып, Абай халқына бүгінгіден де ашыла, бүгінгіден де жақындай түсетін болады. Абайға үңілген сайын бірде табынасың, бірде қамығасың, әрқалай ахуал кешесің.

Сан ғасырға жүк болатын Абай Құнанбайұлының рухани мұрасы қай кезеңде де өзінің құндылығын жоғалтқан емес. Өз дәуірінің жоғын жоқтап, тап арасындағы талас-тартысқа төрелік айтып, қоғамның ащы шындығын уытты жырларымен сынап отырған. Ал, сол данышпан Абайдың рухани әлеміне сапар шексеңіз тұтас ғасырдың шежіресін көз алдыңызға әкеледі. Ұлы ақын, данышпан, Қазақ поэзиясының іргетасын қалаушы Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойы жоғарғы деңгейде аталып өтуде. Өйткені, Абай — ұлт руханиятының бастауында тұрған тұлға.

М.ЕЛЕУСИЗОВ,
Сарқан ауданының тарихы
музейінің
ғылыми қызметкері.

ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ҰЛЫҚТАҒАН ӨНЕГЕЛІ ІС

Сарқан ауданының ардагерлері мен әжелері ұлттың рухани темірқазығы – Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай мазмұнды әрі ерекше шара өткізді. Бұл жолғы жиын әдеттегі мәдени шаралардан бөлек, табиғат аясында, өзен жағасында өтті.

Аудандық Әжелер кеңесінің төрайымы Ұлжан Өзбеханқызының бастамасымен өткен бұл басқосу – Абай мұрасының тереңдігін, табиғатқа деген сүйіспеншілігін, ұлттық құндылықтармен үндестігін сезінуге бағытталды. Шараға ардагер аналар, аналар кеңесінің төрайымдары – К.Таймасова, К.Қалиева, Е.Сүдірбаева, Ф.Тажиева, С.Ералина, С.Нурахметова, М.Жантасова, Р.Хаджимқызы, М. Сағымбаева, А. Есимова, Т. Чабденова, К. Кадирсизова, Ш. Асқарғалиева, М. Жантасова, Р. Ахмадиева және өзге де қоғам белсенділері қатысты.

Ақынның табиғатқа арналған өлеңдерін әжелер жүрекпен оқып, қазақ үй ішінде сол дәуірдің өмірін сахналық көрініс арқылы бейнеледі. Қазақи нақыштағы киімдер, ұлттық бұйымдар, ас мәзірі – барлығы Абай заманын еске салып, көрерменге рухани әсер сыйлады.

Мұндай тағылымды іс-шаралар арқылы ұрпақ бойына ұлт рухын сіңіру, Абай мұрасын дәріптеу – ардагерлердің өмірлік ұстанымына айналған. Бұл – тәрбие мектебі, бұл – ұлтқа қызметтің үлгісі.

Осы мерекенің жалғасы облыстық Б.Римова атындағы драма театр алдында облыс әкімінің ұйымдастыруымен Ұлы Абайдың 180 жылдығына арналған іс- шараға ұласты. Жетісу облысы "Қазақ аналары дәстүрге жол" ұйымының төрайымы Мара Елемесқызы Сарқан ауданының әжелер кеңесінің төрайымы Ұлжан Өзбеханқызына топ алдында арнайы қамзол жауып, ілтипат көрсетуінің өзі Сарқан ауданы ардагерлерінің мәртебесін көтеріп тастады.

Қ. ЖАНАСБЕКОВ,

аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

•Еске алу

САҒЫНЫШ

Айналасын мейіріммен тербетіп, жылы сөзімен, ақжарқын күлкісімен көңілге шуақ сыйлап жүретін ардақты сіңліміз — **Анараның** (Даутова Анар Оралханқызы) өмірден озғанына қырық күн толды. Сену әлі де қиын...

Бұл қырық күн — қасіретке толы үнсіз күндер. Өрбір таң мен кеш сағынышпен басталып, сағынышпен аяқталды. Сенсіз өткен уақыт тым ауыр. Көңіл сенбей, көз іздейді. Жанымыздың бір бөлігі кетіп қалғандай сезіледі. Жанымызды ауыр мұңға батырып, жүрегімізді шексіз сағынышқа бөлеген сол бір қаралы күн мәңгі жадымызда қалды.

Анара — әпке-жездеміздің ортаншы қызы, маған ерекше жақын, соңымнан еріп өскен, бауырларымен бірге еркелеп, шексіз жақсы көрген сүйікті сіңлім еді. Кішкентайынан біздің үйде, нағашы атасы мен әжесінің тәрбиесінде өсті. Жанымызға жақын болып, жүрегімізде орнығып қалған еді.

Аузын ашса — жүрегі көрінетін мейірбан жан болды. Ешкімге дауыс көтермейтін, ашуды білмейтін. Шынайы мейірімнің, сабыр мен кеңпейілділіктің адами үлгісі еді. Жүзінен әрдайым шуақ төгіліп тұратын. Бар ғұмырын отбасы мен туған-туыстың амандығына арнады. Жары Серікханмен бірге келген әр қонағын жатсынбай, қабақ шытпай, жанын сала күтіп алатын. Дастархандары әрдайым жайылып, төрлері кең болатын. Досқа — адал, туысқа — қамқор, көпке — үлгі бола білді. Адал жар, ардақты ана, сыйлы келін, сүйікті сіңлі болып, абыройлы өмір сүрді.

Өмірден ерте озуы — бәріміз үшін орны толмас қаза. Жұлдыздай жарқырап, ерте ағып түсті. Артында сүйікті жары Серікханды, ұлдары Нұрсұлтан мен келіні, Рауан мен немерелерін қалдырды. Сондай-ақ жүрегі қан жылаған анасы мен әкесі, әпке-бауырлары қалды. Олардың әрқайсысы Анараның жылулығын, қамқорлығын, шуағын жүректерінде мәңгі сақтап қалды. Жан жарасын сөз де жазбайды, уақыт та емдемейді. Сағыныш сәл ғана басылғандай болып, есімі аталғанда қайтадан жүрек шымырлап, көзге жас үйіріледі...

Асыл сіңлім, қайда кеттің, жаным-ай,
Сағынышпен өтуде әрбір таңым-ай.
Жоқтығыңнан жүрек үні жылап тұр,
Сенсіз өмір — тым бір үнсіз, жалын-ай.
Жылуыңды, күлкіңді біз іздейміз,
Баяғыдай құшағыңа кірмейміз.
Көз алдымызда тұрсаң да елес боп,
Қабырғамыз қайысады, білмейміз...

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, жаның жәннатта шалқысын, асыл сіңлім. Біз сені шексіз жақсы көреміз, сағынамыз, іздейміз.

Сағынышпен еске аламыз. Сағынышымыз ешқашан басылмайды...

Даутова Анар Оралханқызының рухына бағышталған ас қыркүйектің 5-інде сағат 12-00-де "Дархан" кафесінде беріледі.

Әке-анасы, нағашылары, әпке-бауырлары, жолдасы, балалары мен немерелері атынан сағынышпен еске алушы — Райхан АБЫЛМАНСҰРҚЫЗЫ.



Ұстаз үшін ең негізгі мақсат – әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Білімді әрі сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Ал баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасында басталады. Қазіргі мектептердегі оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа әдіс-тәсілдерден, технологиялардан құралады. Демек, баланың білімі ерекше болуы, ол білімнің нәтижелі болуы пән мұғалімінен жауапкершілікті талап етеді. Бұл жауапкершілігі мол жұмысты біздің аудан мұғалімдері де абыроймен атқаруда.



22 тамызда Сарқан ауданы мектептеріндегі математика пәні мұғалімдерінің тамыз кеңесінің секция жұмысы өтті. Дәстүрлі шара Абай атындағы мектеп гимназиясы базасында ұйымдастырылды. Шараны аудандық білім бөлімінің әдістемелік орталығының әдіскері Қабышев Темірлан Қайратұлы жүргізді.

Кеңес барысында Ақын Сара атындағы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Р.Сарсембаева «2025 – 2026 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаттағы өзгерістер мен ерекшеліктерге тоқталып өтсе, пән мұғалімдері баяндама оқып, таныстырылымдар жүргізді. Атап айтсақ, «Сабақ барысында жасанды интеллект элементтерін қолдану» тақырыбында Абай атындағы мектеп гимназиясының математика пәнінің мұғалімі Жанузах Тилегеннің, Ақын Сара атындағы орта мектебінен Дәулетпекқызы Динардың «Lesson Study тәсілі арқылы оқыту сапасын арттыру» таныстырылымы, Көкөзек орта мектебінен Бериккалиева Айгерім Бериккалиевнаның «Оқытуда жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану» таныстырылымдары тыңдалып, жан жақты талқыланды. Кеңес барысында мұғалімдер көкейлерінде жүрген сұрақтардың жауабын тауып, жазғы демалыс кезінде цифрлық платформаларды қолдануды меңгергендері бойынша курстардан хабар берді. Аудан мұғалімдері үшін ұйымдастырылатын дәстүрлі шараның берері мол.

А. АБДРАХМАНОВА,

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жетісу облысы бойынша инспекциясы жоғары ветеринариялық / медицина, санитария / саласындағы білімі бар, сонымен қатар GPA балы 3,33-тен (әріптік жүйе бойынша В+) жоғары жас мамандарды Сарқан аудандық аумақтық инспекциясына жұмысқа қабылдауды жүргізеді.

Байланыс телефоны: +77058083344. Мекенжайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Қаблоса Жырау көшесі, 207.

► Жекеше нотариус Алиева Асем Избасаровна тарапынан **Дильдебаев Кайыркен Касымхановичтің** атына мұрагерлік іс ашылғаны туралы хабарлайды.

► **Чункенов Ерлан Данатаевичтің** атына тіркелген 1991 жылғы Mazda 626 маркалы көліктің В 669 СРО мемлекеттік тіркеу нөмірі және техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Сарқан ауданының әкімдігі, аудандық мәслихат және аудандық ардагерлер кеңесі Сарқан ауданының Құрметті азаматы, мәдениет саласының ардагері, білім беру ісінің үздігі

ЖҰМАНОВА Шәкен Мұхтарқызының

дүниеден өтуіне байланысты отбасының қайғысын бөлісіп, көңіл айтады.

Балалар шығармашылық үйінің ұжымы құрметті әріптестеріміз Ахметқалиев Аманғали Сапаұлы мен Жаркенова Алтын Бегімбайқызына аналары, Сарқан ауданының Құрметті азаматы, білім беру ісінің үздігі, зейнеткер ұстаз

ЖҰМАНОВА Шәкен Мұхтарқызының

өмірден өтуіне байланысты ауыр қайғысын бөлісіп, көңіл айтады. Ана орны бөлек, жүрекке жақын жанның қазасы оңай емес. Қайғыңызға ортақтасып, ауыр қайғыны бірге бөлісеміз.